

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалының Ерейментау аудандық Тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
2020 ж. « 2 » октябрь
БСН 070640007090
№ 116-1907-07-110-10
Бастапқы тіркелген күні
2004 ж. « 27 » шөл



«Қазақстан инжиниринг ҰҚ» АҚ
(Kazakhstan Engineering)»

басқармасының
Жалғыз акционердің
шешімімен 2019 жылғы «20»

Ташмет
№ 3 хаттамасымен бекітілді



**«ҚИ 811 автожөндеу зауыты»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Ерейментау қ. 2019 жыл

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Жалпы қағидалар

1. Осы жарғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді.

2. Осы жарғы «ҚИ 811-автожөндеу зауыты» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) заңды тұлға ретінде құқықтық мәртебесін белгілейтін, құрылтайшы құжат болып табылады.

3. Барлық мүдделі тұлғалар осы Жарғымен танысуға құқылы. Жалғыз акционердің талабы бойынша Қоғам оған енгізілген кейінгі өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда, осы Жарғымен танысу мүмкіндігін жасауға міндетті. Үш жұмыс күні ішінде Қоғам жалғыз акционердің оған осы Жарғының көшірмесін беру туралы талабын орындауға міндетті. Қоғам жалғыз акционерге Жарғының көшірмесін бергені үшін көшірмені дайындауға жұмсалған шығыстардан, сондай-ақ оны жеткізу қажет болғанда – оны жеткізуге жұмсалатын шығыстардан аспайтын ақы өндіріп алуға құқылы.

2-бап. Қоғамның мәртебесі

4. Қоғам «Қазақстан инжиниринг» (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы» ашық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 наурыздағы № 295 қаулысын орындау мақсатында құрылды және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «811-әскери зауыт» РМК-ның құқықтық мирасқоры болып табылады.

5. «Қазақстан инжиниринг» (Kazakhstan Engineering) ҰҚ» АҚ Қоғамның жалғыз акционері болып табылады.

6. Қоғам өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражаттар тарту мақсатында, акциялар шығаратын заңды тұлға болып табылады. Меншік нысаны – жеке меншік.

7. Қоғам жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғамның жалғыз акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиісті акциялардың құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты залалдар қатеріне ие.

Қоғам өзінің мүлкі шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді.

8. Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде атауы көрсетілген мөрі бар.

Қоғамның фирмалық атауы, тауарлық белгісі бар. Қоғамның сондай-ақ корпорациялық өздік белгісі, ту және басқа да даралау құралдары болуы мүмкін, олардың үлгілері белгіленген тәртіппен бекітіледі және тіркеледі.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

10. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен, Қоғам өзінің тұрған жерінен тыс орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы Ереже негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша іс-қимыл жасайтын филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3-бап. Қоғамның атауы және оның атқарушы органының орналасқан жері

11. Қоғамның толық және қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілдегі:

- «ҚИ 811- автомобиль жөндеу зауыты» Акционерлік қоғамы;

- «ҚИ 811- АЖЗ» АҚ;

2) орыс тіліндегі:

- Акционерное общество «811 авторемонтный завод КИ»;

- АО «811 АРЗ КИ»;

12. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: 020800, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Ерейментау қаласы, Каменный Карьер көшесі, 2/63.

4-бап. Қоғам қызметінің мақсаты, негізгі бағыттары және түрлері

13. Қоғам қызметінің мақсаты дербес шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде таза кіріс алу болып табылады.

14. Қоғам қызметінің негізгі бағыттары және түрлері мыналар болып табылады:

1) Әскери жауынгерлік автокөлік құралдарын жасау;

2) Арнайы мақсаттағы басқа машиналар жасау;

3) Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

4) Арнайы мақсаттағы басқа да машиналар мен жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

5) Өнеркәсіптік газды өндіру;

6) Қару-жарақ және оқ-дәрілер өндірісі;

7) Дәрімен атылатын және артиллериялық қаруды жөндеу.

Тізбесі заңнамалық актілермен белгіленетін, қызметтің жекелеген түрлерімен Қоғам лицензия негізінде ғана айналыса алады.

15. Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, жалпы қабылданған қағидаттарымен (дәстүрлерімен), іскерлік этика, Жарғымен, өзінің шарттық міндеттемелерін жүзеге асырады.

2-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5-бап. Қоғамның жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері

16. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары:

1) Заңмен және осы Жарғымен көзделген тәртіппен, Қоғамды басқаруға қатысуға;

14

- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде оның қаржылық есептемесімен танысуға;
- 4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) Қоғамның Директорлар кеңесін сайлауға;
- 6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;
- 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 9) Қоғамның Заңда белгіленген тәртіппен, оның айырбасталатын акцияларына немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;
- 10) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 11) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамның аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар;
- 12) Заңның көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғымен сәйкес басқа да құқықтармен пайдалануға.

Жалғыз акционердің осы Жарғының тармағында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

17. Жалғыз акционері міндетті:

- 1) акцияларды төлеуге, Заңмен көзделген тәртіппен;
- 2) осы акционерге тиесілі акцияларды орталық депозитарийге және (немесе) нақтылы ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға;
- 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
- 4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңактілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

Жалғыз акционердің осы Жарғының баптың тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін қоғам, орталық депозитарий және (немесе) номиналды ұстаушы жауапты болмайды.

3-ТАРАУ. ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ

6-бап. Қоғам органдарының тізбесі

18. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;

16

- 2) басқару органы – директорлар Кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Бас директор (жеке-дара орган);
- 4) өзге де органдары, Заңға сәйкес өзге де Қазақстан Республикасының нормативтік актілерімен және осы Жарғымен белгіленген.

7-бап. Жалғыз акционер

19. Заңмен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді жалғыз акционер жеке өзі қабылдайды және жазбаша түрде ресімдеуге жатады.
20. Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
 - 1) Осы жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
 - 2) Корпоративтік басқарудың кодексін бекіту, сонымен қатар оған өзгерістер және қосымшалар енгізу;
 - 3) Қоғамды өз еркімен қайта құру немесе жою;
 - 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өсіру немесе Қоғамның үлестірілмеген жарияланған акциялары түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттарын және тәртібін анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;
 - 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылдау;
 - 7) орналастырған бір түрлі акцияларды басқа түрлі акцияларға аустыру туралы шешім қабылдау, осындай айырбастың шартын және тәртібін анықтау;
 - 8) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 9) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
 - 10) Директорлар кеңесі туралы Ереже бекіту;
 - 11) Бас директорды тағайындау мен өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы, оның өкілеттік мерзімін, қызметтік еңбекақы мөлшерін, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда өтемақы төлемдерін, еңбекақы төлеу тәртібін, сыйақы (сыйлықақы) және әлеуметтік қолдауды анықтау, сонымен қатар онымен еңбек қатынасын тоқтату туралы шешім қабылдау;
 - 12) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудитор ұйымын анықтау;
 - 13) Жылдық қаржылық есеп беруді бекіту;
 - 14) Қаржылық есеп беру жылы үшін Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 15) Қоғамның акциялары бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 16) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

18) Қоғам акцияларды осы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемені бекіту;

19) "алтын акцияны" енгізу және оның күшін жою;

20) нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;

21) анықтау әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің Қоғамның, оның әлеуметтік қолдау көрсету және сыйлықақы төлеу Қоғам қызметкерлеріне нормаларды өтеу, қызметтік іссапар, өкілдік шығыстардың қажетті нормативтері қызметтік автомобильдердің, әкімшілік аппаратын орналастыру үшін алаң, пайдалану телефон байланысы;

22) қайсысы бойынша Қоғамның Жалғыз акционердің бекітететін Жалғыз акционермен, Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған, шешімдер қабылдау;

23) Қоғамның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережесін бекіту;

24) Қоғамның саясатын, оның ішінде инвестицияларды, дивидендтерді, қызметкерлерді және т.с.с. бекіту;

25) Қоғамның Даму жоспары мен Бюджетін әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, енгізу және мониторингілеу ережесін бекіту;

26) Республика Казахстан заңдарменен және осы Қоғамның Жарғысында көзделген, өзге де мәселелер.

21. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған шешімдерді, егер заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, Қоғамның өзге органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді беруге жол берілмейді.

22. Жалғыз акционердің Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімін жоюға құқығы бар.

8-бап. Директорлар кеңесі

23. Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің шешімімен сайланады және Заңда және (немесе) Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады, Директорлар кеңесі туралы Ереженің негізінде әрекет етеді.

16

24. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі сұрақтар жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) Қоғамның Даму жоспарын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу және оны жүзеге асырылу мониторингі;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала мақұлдау және өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір қарапайым акциясына есептелген дивиденд мөлшері туралы ұсыныс енгізу;
- 6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 7) Бас директорды тәртіптік жауапкершілікке тарту және жұмыстан шеттету, оның қызметінің кілттік көрсеткіштері мен олардың мақсаттық мәндерін бекіту, көтермелеу (сыйақы) туралы шешімдер қабылдау;
- 8) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысын және жұмыскерлерін тағайындау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін айқындау, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау сыйақы беру, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау көрсету мөлшері мен шарттары, сондай-ақ Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысы қызметінің көрсеткіштері, және басшысын Қоғамның Ішкі аудит қызметінің маңызды көрсеткіштерін бекіту;
- 9) Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық жалақы мөлшерін, еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау шараларын айқындау, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау көрсету мөлшері мен шарттары сондай-ақ корпоративтік хатшының мақсаттарының карточкасын бекіту;
- 10) Директорлар кеңесінің комитеттерінің мүшелерінің санын, олардың өкілдерін тағайындау, олардың басшысын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;
- 11) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Бас директор қабылдаған құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

14) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес процентінен аз мөлшерде Қоғамның басқа заңды тұлғалардың құрылуына немесе қызметіне қатысуы туралы немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) тізімінен шығуы (қабылдауы) туралы шешім қабылдау;

15) осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған жағдайларды қоспағанда, Қоғамның басқа заңды тұлғалардың он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алуы (иеліктен шығару), беру (алу) туралы шешім қабылдау;

16) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

17) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

18) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

19) Жалғыз акционер қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

20) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту, Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарастыру және олар бойынша шешім қабылдау;

21) Жалғыз акционер белгілеген ретте Қоғамның бюджетін бекіту (1 жылға арналған бизнес-жоспар);

22) Қоғамның қызметкерлерінің жалпы саны және ұйымдық құрылымын бекіту;

23) Қоғамның есептеу саясатын бекіту;

24) Қоғамның корпоративтік басқаруының нәтижелігінің бағалау, әзінің құзыретінің шеңберінде оған өзгерістерді бекіту, Жалғыз акционерге өзгерістер мен толықтырулар бойынша ұсыныстарды дайындау;

25) іскерлік этикасының кодексін бекіту және оның тәртіптерін сақтауын қамтамасыз ету;

26) Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес директорлар Кеңесінің құзыретіне қатысты шешімдер қабылдау;

27) Қоғамның тәуекелдермен басқару ішкі құжаттарын және рәсімдерін бекіту (Қоғамның ішкі құжаттарымен Қоғамның басқа мүшелерінің құзыретіне қаратылған мәселелерін қоспағанда), тағы да тәуекелдермен басқару жүйелері бойынша есептерді қарастыру және бекіту;

28) ішкі бақылау жүйесін реттейтін Қоғамның ішкі құжаттарды бекіту, сонымен қатар ішкі бақылау жүйесі бойынша есептерді талқылау және бекіту;

29) Жалғыз акционерінің қарауына, Қоғамның шығарылатын мәселелерді, алдын ала қарау және мақұлдау;

30) Жалғыз акционерге ұсыну үшін директорлар Кеңесінің жұмысы туралы жылдық есепті дайындау және мақұлдау;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

25. Директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне белгіленген мәселелер Бас директорға шешуіне беруге болмайды.

26. Директорлар Кеңесінің осы Қоғамның жарғысына сәйкес Бас директордың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

9-бап. Директорлар кеңесінің құрамы

27. Жеке адам ғана директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесінің Заңға және (немесе) осы Қоғамның жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге адамдарға беруге құқылы емес.

28. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) акционерлер - жеке адамдар;

2) директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;

3) қоғамның акционері болып табылмайтын және директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар арасынан сайланады.

29. Бас директорды Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

30. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

31. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

10-бап. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі

32. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдардың, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін.

33. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционердің белгілейді.

34. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлаған күнінен бастап аяқталады.

35. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Жалғыз акционердің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап тоқтатылады.

36. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

37. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

38. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады, бұл орайда директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

11-бап. Директорлар кеңесінің төрағасы

39. Директорлар кеңесінің Төрағасын қызметке Қоғамның Жалғыз акционері шешімімен сайлайды.

40. Директорлар кеңесінің Төрағасы:

- 1) Директорлар кеңесінің мәжілісін шақырады, оларда төрағалық етеді;
- 2) Директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады
- 3) Директорлар Кеңесінің отырысын жүргізеді;
- 4) Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларымен және Жалғыз акционердің тағайындайтын Бас директормен келісім-шарт жасасады.

5) Заңнама және осы Жарғымен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

41. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

12-бап. Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру

42. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Бас директорының бастамасы бойынша, не:

- 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамның аудитін жүргізетін асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Жалғыз акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

43. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар кеңесінің Төрағасына директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Бас директорға жүгінуге құқылы, ол директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Бас директор, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

44. Директорлар кеңесінің мәжілісі туралы хабарлама және жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесі мүшелеріне жиналыс өткізілген күннен бастап жеті күнтізбелік күн бұрын жіберіледі.

Ерекше жағдайларда, Директорлар кеңесінің Төрағасының шешімі бойынша материалдар басқа жағдайларда жіберілуі мүмкін.

Директорлар кеңесі отырысының хабарламасында отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны, отырыстың күн тәртібі және оның мәселелері бойынша шешімдердің жобалары туралы мәліметтер болуы тиіс.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселелер қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Заңның көзделген жағдайда) камтылуға тиіс.

45. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Бас директорға алдын ала хабарлауға міндетті.

46. Директорлар кеңесінің мүшелеріне директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін директорлар кеңесі айқындайды.

13-бап. Директорлар кеңесінің мәжілістерін өткізудің тәртібі

47. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынаң кем болмауға тиіс және отырысқа қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерін бейне конференция (интерактивті), конференц-байланыс (Директорлар кеңесінің мүшелерімен бір мезгілде телефонды кеңес режимінде сөйлесуінде) және де басқа байланыс құралдарын қолдану арқылы қатыса алады, сондай-ақ Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін ескере отырып (жазбаша түрде берілген дауыстар болған жағдайда).

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін қажеттігі туралы өтінішпен жасауға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Жалғыз акционерге аталған өтініштің бағыты бойынша ғана шешім қабылдауға құқылы.

48. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

49. Дауыстар саны тең болған кезде директорлар кеңесі Төрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адам даусының шешуші болып табылады.

50. Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

4

51. Директорлар кеңесі қатысып отыру және сырттай дауыс беру арқылы отырыстар өткізеді.

52. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған директорлар кеңесінің Төрағасының мен хатшысы немесе оның болмаған кездегі директорлар кеңесі хатшысының функцияларын жүзеге асыратын қол қойылған бюллетендерді қоса тігіліп, қолы қойылуға тиіс.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелері қоса тіркеледі.

53. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа қойылған мәселелер;

6) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижелері Директорлар кеңесі әрбір мүшесінің дауыс беруінің нәтижесін көрсететін «қол», «қарсы», «қалыс қалған» дауыс беру нұсқаларының тиісті бағандарында қолжазба қолдары бар;

7) қабылданған шешімдер;

8) директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

54. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер қоғамда сақталады.

Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы немесе Директорлар кеңесінің хатшысы болмаған жағдайда директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімдердің қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолтаңбасымен куәландырылған үзінді көшірмелерін және Директорлар кеңесінің мөрінің таңбасымен беруге міндетті.

55. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе қоғамның директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заң актілерінде және осы Жарғымен белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

56. Жалғыз акционер қоғамның директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің және осы Жарғының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне, егер аталған шешім акционерлік қоғамның және (немесе) осы Жалғыз акционердің құқығы мен заңды мүдделерін бұзса, сотта дау айтуға құқылы.

14-бап. Бас директор

57. Ағымдағы қызметке басшылықты жеке-дара атқарушы орган – Бас директор жүзеге асырады.

Бас директорды жалғыз акционер тағайындайды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Бас директор жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Қоғам егер мәміле жасасу кезінде тараптардың мұндай шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, оның Бас директорының Қоғамның белгілеген шектеулерін бұзу арқылы жасасқан мәмілесінің ақиқаттығына дауласуға құқылы.

Бас директор атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымына ие болуға құқылы емес.

Бас директордың функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, сондай-ақ көрсетілген тұлғаның Қоғаммен жасасатын және еңбек шартымен белгіленеді. Бас директормен жасасатын еңбек шартына Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе бұған Жалғыз акционер уәкілеттік берген тұлға қол қойылады.

58. Бас директор өз құзыреті шегінде:

- 1) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін, жылдық қаржы есебінің аудитін жасайтын аудиторлық ұйымының ұсыныстарының, және Ішкі аудит Қызметінің ұсыныстарының шешімдерінің орындалуын бақылауды іске асырады;
- 2) Қоғамның даму жоспарын, Бюджетін жүзеге асырады;
- 3) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі құзыретіне жасатын шешімдерден басқа, кез-келген мәмілелер жасау туралы шешім қабылдайды;
- 4) Қоғамның ішкі тәртіптерінің қолдануын іске асырады, соның ішінде тәуекелдермен басқару бойынша, Қоғамның ішкі құжаттарымен оның құзыретіне белгіленген Қоғамның тәуекелдермен басқару бойынша ішкі тәртіптерін бекітеді және директорлар Кеңесі Қоғамдағы тәуекелдермен басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесін туралы хабарлайды;
- 5) Директорлар кеңесімен және Жалғыз акционер бекітілген құжаттарға қатпайтын Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;
- 6) Қоғамның кезекті қызметіне қатысты, барлық Қоғам жұмысшыларымен орындау үшін міндетті бұйрықтарды және жарлықтарды шығарады, соның ішінде Қоғам директорларының Кеңесінің және Жалғыз акционер шешімдерін орындауды бақылауды мәселері бойынша;

7) Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғам жұмысшыларың штатын жалпы санын мен ұйымдастырушылық жүйесін және штаттық кестесін бекітеді;

8) ішкі (қызметтік) ақпараттын қорғауын және сақтаушылығын қамтамасыз етеді және ақпаратты ашу және Қоғамның қызметін ақпараттық баяндау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес жауапкершілік атқарады;

9) үшінші жақтарға қатысты Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

10) үшінші жақтарға қатысты Қоғам атынан әрекет ету құқығына сенімхаттар береді;

11) Қоғам Ішкі аудит қызметінің жұмысшыларын және Қоғамның Корпоративтік хатшысын қоспағанда, жұмысшыларын қабылдауды, орын ауыстырады және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлардан басқа), оларға көтермелеу шараларын, тәртіптік жазаларын қолданады, Қоғамның лаузымдық еңбеккақы мөлшерлерін және Қоғам штатты кестесіне сәйкес еңбеккақы мөлшеріне арнайы үстеме белгілейді, Қоғам жұмысшыларына сыйлықақы мөлшерін белгілейді;

12) Қоғам атынан Қоғамның қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасасады және тоқтатады, оның ішінде Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша, Ішкі аудит қызметінің жұмысшыларын және Корпоративтік хатшымен;

13) жұмысқа қабылдаудың алдында өзінің орынбасарларының кандидатураларын және Қоғамның бас есепші Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасымен жазбаша келіседі;

14) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды өз орынбасарларының біріне жүктейді;

15) өзі мен өзінің орынбасарлары арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік саласын бөледі;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Жалғыз акционердің шешімдерімен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Бас директордың шетелдік іссапарлары Директорлар кеңесінің Төрағасымен жазбаша келісім бойынша жүзеге асырылады.

15-бап. Ішкі аудит қызметі

59. Қызметті әбден жетілдіру мақсатында, Қоғам қаржылық – шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру, ішкі бақылау саласында бағалау, тәуекелдермен басқару, корпоративті басқару және кеңес беру саласында құжаттарды орындау үшін Қоғамда ішкі бақылау Қызметі құрыстырылады. Ішкі аудит Қызметінің құзыреті және қызметі Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

60. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері, соның ішінде оның басшысы Директорлар кеңесінің шешімі бойынша сайланады және өздерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатады.

61. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды.

62. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

63. Ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегі ақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын Директорлар кеңесі белгілейді.

16-бап. Корпоративтік хатшысы

64. Қоғамның корпоративтік хатшысы, директорлар кеңесі мүшесі болып табылмайтын, Директорлар кеңесінің тағайындайтын және оған есеп беретін, Қоғам қызметкері болып табылады.

65. Корпоративтік хатшысы:

1) Қоғам мүшелерімен және лауазымды тұлғалармен Қоғамның Жалғыз акционердің құқықтарының және мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған тәртіптерін сақтауын етеді;

2) Қоғамды Корпоративтік басқару саласында Қазақстан Республикасының заңнамасының ережелерімен және шамаларына, Жарғы және Қоғамның басқа ішкі құжаттарына бағынып жүруін қамтамасыз етеді;

3) Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындауының және өткізуінің бақылауын жүзеге асырады;

4) Директорлар кеңесі отырысына материалдарды жинауды, оларға жол бастығын қамтамасыз ету үшін бақылауды өткізуді қамтамасыз етеді;

5) Директорлар кеңесінің мүшелерімен анық және нақты ақпаратты уақытында алуды қамтамасыз етеді; Қоғам органдары арасында нәтижелі ақпарат алмасуға көмектеседі;

6) барлық корпоративтік басқару мәселелері бойынша директорлар Кеңесінің мүшелері және Бас директор үшін кеңесші жұмысын орындайды;

7) Қоғам тұлғалары туралы ақпаратты жинауды және мониторингты жүзеге асырады және оны уәкілді органдарына оны бағыттайды;

8) Заңнама, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа да функцияларды жүзеге асырады.

66. Қоғам корпоративтік хатшысының мәртебесін, функциясын, құқықтарын мен міндеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның корпоративтік хатшысының туралы Ережемен және басқа да Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

17-бап. Қоғамның лауазымды адамдары қызметінің принциптері

67. Қоғамның лауазымды адамдары директорлар Кеңесінің мүшелері мен Бас директор болып табылады.

68. Қоғамның лауазымды адамдары:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға тиіс әрі оны осы Жарғыға, Жалғыз акционердің мен директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға,

сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) қоғамның қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды;

5) егер қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде қоғамдағы жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жылдың ішінде сақтауға міндетті.

6) олардың қызметіне Қазақстан Республикасының заңдарының, Жарғы және Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары, сондай-ақ этикалық нормалар мен іскерлік этика Кодексі талаптарына толық сәйкестігін қамтамасыз етеді;

7) мүдделер қайшылығы өзі (немесе өзімен байланысты адамдарға) немесе басқа адамдарға қатысты туындауы мүмкін жағдайды болдырмау үшін өзін ұстау керек.

69. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) хабардарлық, ашықтық негізінде, Қоғамның және оның Жалғыз акционердің мүдделері үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, осы Жарғымен және Қоғам ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етуге;

2) Жалғыз акционерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті түрде тәуелсіз ой-пікір білдіруге тиіс.

18-бап. Қоғамның лауазымды адамдарының жауапкершілігі

70. Қоғамның лауазымды адамдары өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін Қоғамға және Жалғыз акционерге келтірілген залалдар үшін:
